Panasonic®



# ҚОЛДАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

## Дербес компьютер

**Модель № CF-D1G** сериясы

## Мазмұны

### Жұмысты бастау


Кіріспе ........................................................................ 2

Бөлшектердің сипаттамасы .................................... 4

Бастапқы жұмыс....................................................... 7

Қосу/Өшіру..............................................................12


### Пайдалы ақпарат


Пайдалану және қызмет көрсету...........................13

Бағдарламалық жасақтаманы орнату ...................15


### Ақаулықтарды шешу


Ақаулықтарды шешу (Негізгі).................................19


### Қосымша


LIMITED USE LICENSE AGREEMENT...................23

ШЕКТЕУЛІ ҚОЛДАНЫС ЖӨНІНДЕГІ ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ КЕЛІСІМ ......................................24

Техникалық сипаттама ..........................................25




Бұл өнімді пайдаланудың алдында нұсқауларды мұқият оқыңыз және бұл нұсқауды келешекте пайдалану үшін сақтаңыз.

# Кіріспе



Осы Panasonic өнімің сатып алғандығыңызға алғысымызды білдіреміз. Оптималды өнімділік пен қауіпсіздік үшін нұсқауларды мұқият оқыңыз.

Осы нұсқаулықтардағы атаулар төмендегідей көрсетілген:
**Windows 8.1** Windows® 8.1 операциялық жүйесін білдіреді.
**Windows 7** Windows® 7 операциялық жүйесін білдіреді.

## ■ Осы нұсқаулардағы терминдер және суреттер

| | |
|---|---|
| НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ : | Шамалы немесе жеңіл жарақатқа әкеліп соғуы мүмкін жағдайлар. |
| ЕСКЕРІМ : | Пайдалы және тиімді ақпарат. |
| **Windows 8.1** | |
| "Шебер түйме" мәзірін көрсету: | Шебер түйме мәзірін көрсету үшін, курсорды экранның жоғарғы оң жақ (немесе төменгі оң жақ) бұрышына апарыңыз.<br>Сондай-ақ, оң жақ шеттен экранның ортасына қарай шертіп жіберіңіз.<br>Alternatively, flick toward the center of the screen from the right edge. |
| ⚙ - ⏻ : | ⚙ (Параметрлер) түймешігін және содан кейін ⏻ (Қуат) түймешігін басыңыз. |
| **Windows 7** | |
| (Іске қосу) - [Барлық бағдарламалар]: | (Іске қосу) түймешігін және содан кейін [Барлық бағдарламалар] түймешігін басыңыз. Кейбір жағдайларда екі рет басуыңыз қажет болады. |
| → : | Осы Reference Manual нұсқаулығында немесе Анықтамалық нұсқаулықтағы беттер. |
| 📖 : | Экрандық нұсқаулықтарды қарау. |
| **Enter** : | [Enter] пернесін басыңыз. |
| **Ctrl** + **C** : | [Ctrl] пернесін басып ұстап тұрыңыз және одан кейін [C] пернесін басыңыз. |

• Перненің суреті пайдаланылатын пернетақтаға байланысты нұсқаулықтағыдан өзгеше болуы мүмкін. (мыс. "Delete" орнына "Del")

- Кейбір суреттер сіздің түсінуіңізді жеңілдету үшін жай көрсетілген және нақтылы құрылғыдан өзгеше болуы мүмкін.
- Егер сіз администратор ретінде жүйеге кірмесеңіз, кейбір қызметтерді қолдана алмайсыз және кейбір экрандарды көре алмайсыз.
- Қосымша өнімдер туралы жаңа ақпарат алу үшін жинақтарды, т.б. қараңыз.
- Осы нұсқауларда аттар мен терминдер төмендегі ретінде сілтелінген.
  - "Windows® 8.1 Pro 64-bit" - "Windows" немесе "Windows 8.1" ретінде
  - "Windows® 7 Professional 32-bit Service Pack 1" және "Windows® 7 Professional 64-bit Service Pack 1" "Windows" немесе "Windows 7" сияқты
  - DVD-ROM және CD-ROM-ды қосқандағы айналмалы медиа "дисктер" ретінде
  - DVD MULTI жетегі - "DVD жетегі" ретінде

## ■ Жауапкершіліктен бас тарту

Компьютер сипаттамалары және нұсқаулықтары ескертусіз өзгертіле алады. Panasonic корпорациясы зақымдар үшін тура немесе жанама түрде әкеліп соққан қателер, байқаусыздықтар немесе компьютер және нұсқаулықтардың айырмашылықтары үшін жауапты болмайды.

## Сауда белгілері

Microsoft®, Windows® және Windows белгісі Америка Құрама Штаттары және/немесе басқа мемлекеттердегі Microsoft Corporation корпорациясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.
Intel, Core, Centrino және PROSet - Intel корпорациясының тіркелген сауда белгілері немесе сауда белгілері болып табылады.

SDHC белгісі SD-3C ЖШС сауда белгісі болып табылады.

Adobe, Adobe белгісі және Adobe Reader - Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа мемлекеттердегі Adobe Systems Incorporated корпорациясының тіркелген сауда белгілері немесе сауда белгілері болып табылады.
Bluetooth® - Bluetooth SIG, Inc., АҚШ корпорациясы иемденген сауда белгісі болып табылады және лицензия Panasonic копорациясына берілген.
Осы нұсқаулықта кездесетін өнімдердің, брендтердің, т.б. атаулары олардың сәйкесінше өз компанияларының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады.

## Экрандық нұсқаулық

Компьютер бойынша қосымша ақпарат алу үшін экрандық нұсқаулықты қарауыңызға болады.

- **Reference Manual**
  Reference Manual ішінде компьютер жұмысынан толықтай ләззат алу үшін, тәжірибелік ақпарат жиналған.
- **Important Battery Tips**
  Important Battery Tips ұзағырақ жұмыс уақытына қол жеткізу мақсатында батарея блогын оңтайлы жағдайда пайдалану үшін, батарея туралы ақпаратты қамтамасыз етеді.

Экрандық нұсқаулықтарға кіру үшін, төменде берілген қадамдарды орындаңыз.

**Windows 8.1**

Іске қосу экранындағы [Manual Selector] қатарын басыңыз және экрандағы нұсқаулықты таңдаңыз.

**Windows 7**

Жұмыс үстелінің экранындағы [Manual Selector] екі рет басыңыз және экрандағы нұсқаулықты таңдаңыз.

# Бөлшектердің сипаттамасы



**Алдыңғы жақ**




**Асты және артқы жағы**




**A: Бау ілгектері**
Кейбір модельдерде бау ілгектері берілмеген.

**B: Планшетті пернелер**
➔ *Reference Manual* “Tablet Buttons”

**C: Қалам ұстағышы**

**D: LED көрсеткіші**
- : Батареяның күйі
  ➔ *Reference Manual* “Battery Power”
- : Сымсыз желі дайын
  Бұл көрсеткіш сымсыз LAN, Bluetooth және/немесе сымсыз WAN қосылып, дайын болғанда жанады. Ол міндетті түрде сымсыз қосылымның қосылуын/өшірілуін білдірмейді.
  ➔ *Reference Manual* “Wireless LAN”, “Bluetooth”, “Wireless WAN”, “Disabling/Enabling Wireless Communication”
- : Жетек күйі
- SD : SD жад картасының көрсеткіші
  (Жыпықтайды: Қатынасу барысында)
  ➔ *Reference Manual* “SD Memory Card”

**E: Қуат қосқышы**

**F: Қуат күйі**
(Өшірулі: Қуаты өшіру/Гибернация, Жасыл: Қуат қосулы, Жасыл түспен жыпықтау: Ұйқы, Жасыл түспен тез жыпықтау: төмен температураға байланысты қуатты қосу немесе жалғастыру мүмкін емес.)

**G: Динамик**
➔ *Reference Manual* “Dashboard for Panasonic PC”

**H: СКД**
➔ *Reference Manual* “Screen Input Operation”

**I: Bluetooth антеннасы**
<Bluetooth бар модель үшін ғана>
➔ *Reference Manual* “Bluetooth”
**Сымсыз WAN антеннасы**
<Сымсыз WAN бар модель үшін ғана>
➔ *Reference Manual* “Wireless WAN”
**Сымсыз LAN антеннасы**
<сымсыз LAN бар модель үшін ғана>
➔ *Reference Manual* “Wireless LAN”

**J: Қатты диск жетегі**

**K: Батарея блогы**
➔ *Reference Manual* “Battery Power”

**L: Артқы камера**
<Артқы камерасы бар модель үшін ғана>
➔ *Reference Manual* “Camera”

**M: RAM модулінің ұяшығы**
➔ *Reference Manual* “RAM Module”

**N: Сыртқы антенна қосқышы**

**O: Кеңейту шина қосқышы**
➔ *Reference Manual* “Cradle”

**P: Желдету тесігі (Тарту)**

## Оң жақ

Төменде көрсетілген бөлшектердің (F) барлығы қосымша болып табылады.




**A: DC-IN науасы**

**B: LAN порты**

➔ *Reference Manual* “LAN”

**C: Сериялық порттар[*1] / VGA порты[*2]**

[*1] <Сериялық порты бар модель үшін ғана>

[*2] <VGA порты бар модель үшін ғана>

➔ *Reference Manual* “External Display”

**D: Қауіпсіздік құлпы**

Kensington сымын қосуға болады.
Қосымша ақпарат алу үшін сыммен бірге келген нұсқаулықты оқыңыз.

**E: Желдету тесігі (Шығару)**

**F: 4-ші USB (USB2.0) порты[*3] / 2-ші LAN порты[*4] / Берік USB2.0 порты[*5]**

[*3] <4-ші USB (USB2.0) порты бар модель үшін ғана>

➔ *Reference Manual* “USB Devices”

[*4] <2-ші LAN порты бар модель үшін ғана>

➔ *Reference Manual* “LAN”

[*5] <Берік USB2.0 порты бар модель үшін ғана>

➔ *Reference Manual* “USB Devices”

**G: Сымсыз қосқыш**

➔ *Reference Manual* “Disabling / Enabling Wireless Communication”

**H: ExpressCard ұяшығы**

➔ *Reference Manual* “PC Card / ExpressCard”

**I: SD жад картасы ұяшығы**

SD жад картасын нәрестелер мен балаларға ұстатпаңыз.

➔ *Reference Manual* “SD Memory Card”

## Сол жақ




**J: USB3.0 порттары**

➔ *Reference Manual* “USB Devices”

**K: USB2.0 порттары**

➔ *Reference Manual* “USB Devices”

**L: Микрофон науасы**

Конденсаторлық микрофонды пайдалануға болады. Егер басқа микрофон түрлері пайдаланылса, аудио кіруі болмауы мүмкін немесе нәтижесінде ақаулықтар орын алуы мүмкін.

**M: Құлаққап науасы**

Құлаққаптарды немесе күшейтілген динамиктерді қосуыңызға болады.
Олар қосылған кезде ішкі динамиктерден дауыс естілмейді.

**N: SIM картасының ұяшығы**

<Сымсыз WAN бар модель үшін ғана>
SIM карта ұяшығына SIM картаны байланыс жағын төмен қаратып және кесілген бұрышын алға бағыттап енгізіңіз.

➔ *Reference Manual* “Wireless WAN”

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Ұяшық SIM (15 мм x 25 мм) карталарын қабылдайды.



**O: PC Card ұяшығы[*6] / Смарт карта ұяшығы[*7]**

[*6] <PC Card ұяшығы бар модель үшін ғана>

➔ *Reference Manual* “PC Card / ExpressCard”

[*7] <Смарт карта ұяшығы бар модель үшін ғана>

➔ *Reference Manual* “Smart Card”

# Бөлшектердің сипаттамасы

- Бұл компьютердің құрамында оң жақтағы кескінде дөңгелетіп көрсетілген магнит және магниттік өнімдер бар. Металл заттардың немесе магниттік тасымалдаушылардың осы аймаққа тиіп тұруын болдырмаңыз.





■ **Стилусты копьютерге тіркеу <Тек бауы бар модель үшін>**

Бау стилустың (бірге берілген) байқаусызда құлауын болдырмайды.
Қаламды компьютерге жоғалтпайтындай бекіту үшін бауды пайдаланыңыз.
Оны бекітуге арналған тесіктер (A) бар.

① Ілгектердің бірін тесік арқылы өткізіңіз.
② Екінші ілгекті бірінші ілгек арқылы өткізіңіз.
③ Екінші ілгекті тесік (A) арқылы өткізіңіз.
④ Стилусты екінші ілгек арқылы өткізіңіз.



# Бастапқы жұмыс

## ■ Дайындық

① Берілген бөлшектерді тексеріңіз және анықтаңыз.
Егер сипатталған бөлшектерді таппасаңыз, Panasonic техникалық қолдау тобына хабарласыңыз.

- **AC адаптері. . . . . 1**



Модель №: CF-AA5713A

- **AC сымы . . . . . . . . . . . . . . . .1**



- **Батарея блогы . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 1**



Модель №: CF-VZSU73U/CF-VZSU73SP

- **Жұмсақ мата . . . . 1**



- **Стилус . . . . . . . . . . . . . . . . . .1**



Кейбір модельдер жоғарыда көрсетілгеннен өзгешеленетін стилуспен жабдықталуы мүмкін.

- **Бау . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 1**



Кейбір модельдер баумен жабдықталмауы немесе жоғарыда көрсетілгеннен өзгешеленетін баумен жабдықталуы мүмкін.

(➔ *Reference Manual* “Screen Input Operation”)

- **Қауіпсіздік шаралар / Нормативтік ақпарат . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .1**
- **Модельге байланысты, келесі элементтер бірге беріледі.**
  ҚОЛДАНУ НҰСҚАУЛАРЫ (CD-ROM) . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .1

② Компьютердің орауындағы мөрді бұзбастан бұрын ШЕКТЕУЛІ ҚОЛДАНЫС ЖӨНІНДЕГІ ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ КЕЛІСІМІН оқыңыз (➔ 24-бет)

## ■ Батарея блогын енгізу




① Ысырманы (A) тіл бағытымен сырғытыңыз.
② Жабынды ашыңыз.
③ Батарея блогын қосқышқа берік орныққанша енгізіңіз.
④ Жабынды шертілгенше жабыңыз.
⑤ Ысырманы (A) тіл бағытымен сырғытыңыз.

### ■ Батарея блогын алу үшін

Жоғарыдағы ③ қадамында батарея блогының тақтасын (B) тартып алыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Ысырманың берік құлыпталғанына көз жеткізіңіз. Олай болмаса, компьютерді тасығанда батарея блогы түсіп қалуы мүмкін.

**ЕСКЕРІМ**

- Компьютер қуаты өшірулі кезде де компьютердің электр қуатын тұтынатындығын есте сақтаңыз. Егер батарея блогы толық зарядталған болса келесі уақыт мерзімінде батарея толық разрядталады:
  - Қуат өшірулі кезде: Шамамен 9 апта
  - ұйқы режимінде: Шамамен 4 күн
  - гибернация режимінде: Шамамен 8 күн
- DC науасы компьютерге жалғанбаған кезде AC розеткасынан AC сымын ажыратыңыз. AC адаптері электрлік шығуға қосулы кезде қуат оңай тұтынылады.

# Бастапқы жұмыс




## 1 Батарея блогын енгізу (➔ 7-бет).

- Батарея блогы мен компьютердегі терминалдарға тимеңіз. Олай істеу терминалдарды кірлетеді не зақымдайды және батарея блогы мен компьютердің ақаулығына әкеліп соғуы мүмкін.
- Пайдалану үшін жабынды орнатқандығыңызға көз жеткізіңіз.

## 2 Стилусты копьютерге тіркеу (➔ 6-бет).

## 3 Компьютеріңізді қуат көзіне жалғаңыз және сыртқы пернетақта мен меңзер USB порттарына жалғаңыз.

① Ысырманы тіл бағытымен сырғытыңыз.
② Жабынды ашыңыз.
③ AC адаптерін қосыңыз.
Батареяны зарядтау автоматты түрде басталады.
④ Ысырманы үш USB портының біріне тіл бағытымен сырғытыңыз.
⑤ Жабынды ашыңыз.
⑥ Басқа USB портының ысырмасын тіл бағытымен сырғытыңыз.
⑦ Жабынды ашыңыз.
⑧ Сыртқы пернетақтаны және меңзерді USB порттарына жалғаңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Бастапқы жұмыс үрдісі аяқталмағанша AC адаптерін ажыратпаңыз және сымсыз қосқышты қоспаңыз.
- Компьютерді алғашқы рет пайдаланған кезде батарея блогы, AC адаптері, сыртқы пернетақта және меңзерден басқа қандай да бір сыртқы құрылғыны (сымды LAN кабелін қосқанда) жалғамаңыз.
- **AC адаптерін қолдану**
  - Электр кернеуінің кенет төмендеуі сияқты қиындықтар күн күркіреген және найзағай соққан кезде орын алады. Ол сіздің компьютеріңізге жағымсыз әсерін тигізетіндіктен, тек батарея блогынан қоспайтын болсаңыз үздіксіз қуат көзін (ҮҚК) пайдалану ұсынылады.




## 4 Компьютерді іске қосыңыз.

① Сымсыз қосқыштың (➔ 5-бет) ӨШІРУЛІ екендігін мақұлдаңыз.
② Қуат қосқышын ⏻ қуат көрсеткіші (A) жанғанша басып, ұстап тұрыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Қуат қосқышын бірнеше рет баспаңыз.
- Егер қуат қосқышын басып, 4 секундтан көп ұстап тұрсаңыз компьютер күштеп өшіріледі.
- Setup Utility бастапқы параметрлеріне қандай да бір өзгерістер енгізу Бірінші рет жұмыс істеу аяқталмағанша орындалмауы тиіс.

Windows 7

**5 Тіл мен операциялық жүйені (32-биттік немесе 64-биттік) таңдаңыз.**

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Тілді мұқият таңдаңыз, себебі ол кейін өзгертіле алмайды. Егер дұрыс емес тілді орнатсаңыз, Windows жүйесін қайта орнату керек.

**ЕСКЕРІМ**

- Планшет түймешіктерімен басқара аласыз. Экранда көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.

① Тіл және операциялық жүйесін (32-биттік немесе 64-биттік) таңдаңыз да, [OK] басыңыз.
Тіл параметрі растау экранында [OK] басу арқылы іске қосылады.
[Cancel] басу арқылы "Select Language" қайтаруға болады.
Тіл мен операциялық жүйені орнату 15 минут ішінде аяқталады.

② Аяқтау экраны көрсетілгенде, компьютерді өшіру үшін [OK] басыңыз.

**6 Windows орнатыңыз.**

Windows 8.1
Тілді таңдап, [Келесі] түймешігін түртіңіз.

Windows 7
Компьютерді іске қосыңыз.
Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

- Компьютер бірнеше рет қайта іске қосылады. Сенсорлық экранды, сыртқы пернетақта немесе сыртқы тінтуірге тимеңіз және жетек көрсеткіші өшкенше күтіңіз.
- Компьютер іске қосылғаннан кейін экран біраз уақыт бойы қара немесе өзгеріссіз болып қалады. Бұл ақаулық болып табылмайды. Windows орнату экраны пайда болмайынша біраз күте тұрыңыз.
- Windows орнату кезінде сенсорлық экранды, сыртқы меңзерді, сыртқы пернетақтаны пайдаланыңыз және меңзерді жылжыту үшін басып, белгішелерді шертіңіз.
- Windows жүйесін орнату шамамен Windows 8.1 5 / Windows 7 20 минут алады.
  Дисплейдегі әр хабарды растап, келесі қадамға өтіңіз.
- Windows толығымен орнатылғаннан кейін сымсыз желіні орнатуға болады.
  Windows 8.1 Егер "Онлайн режиміне ауысу" көрсетілсе, "Осы қадамды өткізіп жіберу" опциясын таңдаңыз.
  Windows 7 "Сымсыз желіге қосылу" экраны көрсетілмеуі мүмкін.
- Windows 8.1 Уақыт белдеуін, күнді және уақытты тексеріңіз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Жетек көрсеткіші өшірілгенше күтіңіз.
- Пайдаланушы атын, құпия сөз, кескін және қауіпсіздік параметрін Windows орнатқаннан кейін өзгерте аласыз.
- Компьютер аты ретінде стандартты таңбаларды пайдаланыңыз: 0 - 9 сандары, A-Я арасындағы бас және кіші әріптер және дефис (-) таңбасы. Егер "Компьютер аты шектік емес" деген қате туралы хабарламасы пайда болса, жоғарыда көрсетілгендерден басқа таңбалар енгізілгенін тексеріңіз. Егер қате туралы хабарлама дисплейде қалса, перненің енгізу режимін ағылшын ("EN") деп орнатыңыз да, таңбаларды енгізіңіз.
- Пайдаланушы аты үшін келесі сөздерді пайдаланбаңыз: CON, PRN, AUX, CLOCK$, NUL, COM1 - COM9, LPT1 - LPT9, @, &, бос орын. Әсіресе, "@" белгісі бар пайдаланушы атын (тіркелгі атын) жасасаңыз, құпия сөз орнатылмаған болса да оны енгізу сұралады. Егер сіз құия сөзді енгізбестен, Windows 8.1 жүйесіне тіркелуге немесе Windows 7 жүйесіне кіруге тырыссаңыз, "Пайдаланушы аты немесе құпия сөз дұрыс емес." хабары көрсетілуі мүмкін және содан кейін Windows бойынша Windows 8.1 жүйесіне / Windows 7 жүйесіне кіре алмайсыз (➔ 21-бет).

- Алғашқы кіретін пайдаланушы тұсқағазы "*6* Windows орнатыңыз." ішінде орнатылған.
  Бұл компьютерді күн астында пайдалану кезінде тұсқағазды ақ тұсқағазға ауыстыру арқылы экран жақсы көрінетін болады.
  ① Жұмыс үстелінде ұзақ басып тұрыңыз [Даралау] - [Жұмыс үстелінің фоны] пәрменін таңдаңыз.
  ② [Сурет орны] ішінен [Бірыңғай түстер] параметрін таңдаңыз.
  ③ Ақ тұсқағазды таңдап, [Өзгерістерді сақтау] түймешігін басыңыз.

## 7 Қалпына келтіру дискісін жасаңыз.

Қалпына келтіру дискісі ОЖ-ні орнатуға және оның зауыттық әдепкі күйін, мысалы, HDD қалпына келтіру бөлімі зақымдалған жағдайда қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Компьютерді қолданбас бұрын қалпына келтіру дискісін жасаған дұрыс.
Дискіні жасау туралы ➔ *Reference Manual* "Recovery Disc Creation Utility" бөлімін қараңыз.

ЕСКЕРІМ

- **PC Information Viewer**
  Бұл компьютер қатты диск ақпаратын және т.б. басқару ақпаратын, жүйелі түрде жазып отырады. Әр жазба үшін ақпараттың максималды көлемі - 1024 байт. Бұл ақпарат қатты диск кез келген себеппен ақаулыққа ұшырай берген жағдайда мәселені анықтау үшін пайдаланылады. Ол ешқашан желі арқылы сыртқа жіберілмейді не жоғарыда аталған мақсаттан басқа ешбір мақсатта қолданылмайды.
  Функцияны өшіру үшін, PC Information Viewer бағдарламасының [Hard Disk Status] күйіндегі [Disable the automatic save function for management information history] функциясына құсбелгіні қойыңыз да, [OK] басыңыз. Содан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
  (➔ *Reference Manual* "Checking the Computer's Usage Status")
- **Windows 8.1**
  Әдепкі параметрлерде корей тіліне арналған ярлык жұмыс үстелінің экранында болады. Қажет болса, белгішені жоя аласыз.
- **Windows 7**
  Егер қалпына келтіру бөлімі жойылса, Recovery Disc жасай алмайсыз.

### ■ Сымсыз функцияны қолданбас бұрын

① Сымсыз қосқышты ҚОСУЛЫ күйге сырғытыңыз.

**Windows 8.1**

② "Шебер түйме" мәзірін көрсетіңіз және ⚙ - [Компьютер параметрлерін өзгерту] - [Желі] - [Ұшақ режимі] пәрменін түртіңіз.
[Ұшақ режимін] [Өшірулі] күйіне орнатыңыз, содан кейін;
[Wi-Fi] режимін [Қосулы] күйіне орнатыңыз (сымсыз LAN үшін).
[ұялы қосылым] режимін [Қосулы] күйіне орнатыңыз (сымсыз WAN үшін).
[GPS] режимін [Қосулы] күйіне орнатыңыз (сымсыз WAN үшін).
[Bluetooth] режимін [Қосулы] күйіне орнатыңыз (Bluetooth үшін).

## ■ Бөлім құрылымын өзгерту үшін

Жаңа бөлімді құру үшін дисктегі орынды босату үшін қолданыстағы бөлімнің бөлігін азайта аласыз. Әдепкі параметр бойынша бір бөлімді қолдана аласыз.

① **Windows 8.1**
1. Іске қосу экранының ортаңғы жағынан жоғары қарай шертіңіз, содан кейін "Қызмет көрсету - Windows" астындағы [Осы компьютер] опциясын ұзақ басып тұрыңыз.
2. Бағдарламаның пәрмендік жолындағы [Басқару] басыңыз.

**Windows 7**
(Іске қосу) басып, [Компьютер] түймешігін ұзақ басып тұрыңыз және содан кейін [Басқару] түймешігін басыңыз.
- Стандартты пайдаланушыға әкімші құпиясөзі арқылы кіру қажет.

② [Disk Management] опциясын басыңыз.
③ Windows жүйесіне арналған бөлімді ұзақ басып тұрыңыз ("c" жетегі әдепкі параметр ретінде орнатылған) және [Shrink Volume] басыңыз.
- Бөлім өлшемі компьютердің сипаттамасына байланысты.

④ [Enter the amount of space to shrink in MB] ішінен өлшемді енгізіп, [Shrink] басыңыз.
- Көрсетілген өлшемнен үлкен мәнді енгізуге болмайды.
- ОЖ орнату кезінде [Reinstall to the OS related partitions.] параметрін таңдау мақсатында, (➔ 16-бет), [Total size after shrink in MB] үшін 70 Гб немесе одан көп өлшем қажет.

⑤ [Unallocated] (④-қадамда кішірейтілген кеңістік) түймешігін ұзақ басып тұрыңыз және [New Simple Volume] басыңыз.
⑥ Баптауларды орындау үшін экрандағы нұсқауларды орындап, [Аяқтау] түймешігін басыңыз.
Пішімдеу аяқталғанша күтіңіз.

**ЕСКЕРІМ**

- Қалған бос орынды немесе жаңадан жасалған бос орынды пайдаланып, қосымша бөлімді құруға болады.
- Бөлімді өшіру үшін, бөлімді ұзақ басып тұрыңыз және ③-қадамда [Delete Volume] басыңыз.

## ■ Windows 8.1 Тіл таңдау үшін

Бастапқы жұмыс кезінде таңдалған тілден басқа тілді таңдау үшін төмендегі қадамдар бойынша әрекет етіңіз.
① Іске қосу экранының ортаңғы жағынан жоғары қарай шертіңіз, содан кейін "Windows жүйесі" астындағы [Басқару тақтасы] опциясын түртіңіз.
② [Сағат, тіл және аймақ] - [Тіл] - [Тілді қосу] түртіңіз.
③ Тілді таңдаңыз, содан кейін [Қосу] түймешегін түртіңіз.
Ауданға байланысты екі немесе одан да көп тілді таңдай аласыз. [Ашу] опциясын түртіп, содан кейін [Қосу] опциясын түртіңіз.
④ Қолданғыңыз келген тіл үшін [Параметрлер] түртіңіз.
⑤ [Негізгі тіл ретінде белгілеу] опциясын түртіңіз.
⑥ [Сеансты қазір аяқтау] опциясын түртіңіз.
⑦ Windows жүйесіне тіркеліңіз.

# Қосу/Өшіру

## Қосу

Қуат қосқышын басыңыз және оны ⏻ (➔ 4-бет) қуат көрсеткіші ⏻ (➔ 4-бет) жанғанша басып тұрыңыз.

**ЕСКЕРІМ**

- Қуат қосқышын бірнеше рет баспаңыз.
- Егер қуат қосқышын басып, төрт секундтан көп ұстап тұрсаңыз компьютер күштеп өшіріледі.
- Компьютерді өшірген болсаңыз, қайта қосудан бұрын он секунд немесе одан ұзақ күтіңіз.
- Жетек көрсеткіші өшкенше мына операцияларды орындамаңыз.
  - AC адаптерін жалғау немесе ажырату
  - Қуат қосқышын басу
  - Планшет пернелері, экран немесе сыртқы тінтуірді түрту
  - Сымсыз қосқышты қосу/өшіру

Жұмысты бастау

## Өшіру

① Компьютерді өшіріңіз.

**Windows 8.1**

1. "Шебер түйме" мәзірін ашыңыз және белгішесін түртіңіз.
2. [Қуат] - [Жұмысты аяқтау] түртіңіз.

**Windows 7**

(Іске қосу) - [Жұмысты аяқтау] опциясын түртіңіз.

**ЕСКЕРІМ**

- **Windows 8.1**
  Компьютерді толығымен өшіріп, төмендегідей әрекет етіңіз.
  ① "Шебер түйме" мәзірін көрсетіңіз және - [Компьютер параметрлерін өзгерту] - [Жаңарту және қалпына келтіру] - [Қалпына келтіру] пәрменін түртіңіз.
  ② "Қосымша іске қосу" астындағы [Қазір қайта іске қосу] опциясын түртіңіз.
  ③ [Turn off your PC (ДК-ні өшіру)] опциясын түртіңіз.

## Іске қосу/Өшіруге қарсы сақтық шаралар

- Келесілерді орындауға болмайды
  - AC адаптерін жалғау немесе ажырату
  - Қуат қосқышын басу
  - Планшет пернелері, экран немесе сыртқы тінтуірді түрту
  - Сымсыз қосқышты қосу/өшіру

**ЕСКЕРІМ**

- Қуатты сақтау үшін келесі қуат сақтау әдістері сату кезінде орнатылған.
  - Экран автоматты түрде өшеді:
    10 минут (AC адаптері компьютерге қосылған кезде) әрекетсіздіктен кейін;
    5 минут (батарея қуатымен жұмыс істеп тұрса) әрекетсіздіктен кейін;
  - Компьютер автоматты түрде ұйқы режиміне ауысады[*1]:
    20 минут (AC адаптері компьютерге қосылған кезде) әрекетсіздіктен кейін;
    15 минут (батарея қуатымен жұмыс істеп тұрса) әрекетсіздіктен кейін;

[*1] Ұйқы режимінен ауысу туралы ақпаратты *Reference Manual* "Sleep or Hibernation Functions" бөлімінен қараңыз.

# Пайдалану және қызмет көрсету

## Жұмыс ортасы

- Компьютерді тегіс, тұрақты, соққыға, дірілге не құлау қаупіне ұшырамайтын бетке қойыңыз. Компьютерді тік қоймаңыз немесе аудармаңыз. Егер компьютер шамадан тыс әсерлерге ұшыраса, оған зақым тигізуі мүмкін.
- Температура: Жұмыс : -10 °C - 50 °C (IEC60068-2-1, 2)*1
  Сақтау : -20 °C - 60 °C
  Ылғалдылық: Жұмыс : 30 % - 80 % ҚЫ (Конденсация жоқ)
  Сақтау : 30 % - 90 % ҚЫ (Конденсация жоқ)
  Жоғарыдағы температура/ылғалдық ауқымдары сақталса да, экстремалды орталарда ұзақ уақыт бойы жұмыс істеу, жақын жерде шылым шегу, немесе май пайдаланған кезде не шаңы көп жерде жұмыс істеу өнімнің нашарлауына алып келіп, оның жарамдылық мерзімін қысқартады.

*1 Өнімді ыстық немесе суық ортада пайдаланғанда, теріні бұл құрылғыға тигізбеңіз. (➔ "Қауіпсіздік шаралар / Нормативтік ақпарат")
Егер компьютер 0 °C не одан төмен температурасында ылғалға ұшыраса, мұздау зақымдалуы орын алуы мүмкін. Мұндай температураларда компьютердің құрғақ екендігіне көз жеткізіңіз.

- Компьютерді келесі жерлерге орнатпаңыз, олай болмаса, компьютер зақымдалуы мүмкін.
  - Электрондық жабдықтың жанында. Бейне бұрмалануы не шу орын алуы мүмкін.
  - Тым жоғары немесе төмен температурада.
- Компьютер жұмыс істеген кезде жылынуына байланысты оны жылуға сезімтал келетін заттардан алшақ ұстаңыз.

## Пайдалану ескертулері

Бұл компьютер СКД және қатты диск жетегі сияқты бөлшектерден шок алу қаупін азайту үшін жасалған, алайда шоктан болатын кез келген ақаулықтар болмауы кепілдендірілмейді. Компьютерді пайдалану кезінде абай болыңыз.

- Компьютерді тасымалдаған кезде:
  - Компьютерді өшіріңіз.
  - Барлық сыртқы құрылғыларды, кабельдерді, ExpressCard карталарын және басқа шығып тұрған нысандарды алыңыз.
  - Компьютерді қатты заттардың үстіне құлаптаңыз не соқпаңыз.
  - Дисплейді қыспаңыз.
- Ұшақпен ұшқанда компьютерді өзіңізбен бірге тасыңыз және ешқашан багаж бөліміне тапсырмаңыз. Компьютерді ұшақта пайдаланғанда авиалиния нұсқаулықтарын орындаңыз.
- Қосалқы батареяны тасымалдағанда, оның терминалдарын қорғау үшін пластик дорбаға салыңыз.
- Сенсорлық экранмен жұмыс істеу үшін ұсынылған стилусты қолданыңыз. Сенсорлық экран бетіне ешқандай зат қоймаңыз және онда із қалдыруы ықтимал үшкір немесе қатты заттармен (мысалы, тырнақ, қалам, шарикті қаламдар) қатты баспаңыз.
- Экранда шаң не кір (мысалы, май) болғанда сенсорлық экранды қолданбаңыз. Олай болмаса, экрандағы/стилустағы бөгде заттар экран бетіне сызат түсіруі немесе стилус жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.
- Стилусты тек экранға тию үшін пайдаланыңыз. Өзге мақсаттарда пайдалану оған зақым келтіріп, экранның сызатталуына алып келуі мүмкін.

### ■ Сыртқы құралдарды пайдалану кезінде

Құрылғылардың зақымдалуын болдырмау үшін осы және Reference Manual келтірілген нұсқауларды орындаңыз. Сыртқы құрылғылардың пайдалану нұсқаулықтарын мұқият оқыңыз.

- Компьютердің сипаттамасына сай келетін сыртқы құрылғыларды пайдаланыңыз.
- Қосқыштарды тиісті бағытта қосыңыз.
- Егер ол қосылмаса, күштеп қоспаңыз, қосқыштардың пішінін, бағытын, істіктерінің түзуленуін тексеріңіз.
- Егер бұрандалар ұсынылса, оларды жақсылап бекемдеңіз.
- Компьютерді тасымалдаған кезде сымдарды алыңыз. Сымдарды күштеп тартпаңыз.

### ■ Сымсыз LAN/Bluetooth/сымсыз WAN арқылы компьютеріңізді рұқсат етілмеген пайдаланудан қорғау

<Тек сымсыз LAN/Bluetooth/сымсыз WAN қамтылған модель үшін>

- Сымсыз LAN/Bluetooth/сымсыз WAN пайдаланбас бұрын, деректерді шифрлау сияқты сәйкес қауіпсіздік параметрлерін орнатыңыз.

■ **Батареяны қайта калибрлеу**

- Батареяның қайта калибрленуі оның үлкен сыйымдылығына байланысты ұзақ уақытқа созылуы мүмкін. Бұл ақаулық болып табылмайды.

  <Windows жүйесі өшірілгеннен кейін "Батареяны қайта калибрлеуді" орындау кезінде>

  • Толық зарядтау: Шамамен 2,0 сағат (Қалыпты температура режимі)
  Шамамен 3,5 сағат (Жоғары температура режимі)

  • Зарядтың толық аяқталуы: Шамамен 3,0 - 4,5 сағат (Қалыпты температура режимі)
  Шамамен 2,0 - 4,0 сағат (Жоғары температура режимі)

  Windows жүйесін өшірмей, "Батареяны қайта калибрлеуді" орындау кезінде зарядталу/зарядтың таусылуы үшін біраз уақыт кетуі мүмкін.

■ **Компьютерді диагностикалау функциясы**

ДК диагностикалау функциясын сыртқы пернетақта және сыртқы меңзерді байланыстырмай іске қосқан кезде қуат қосқышын басып, ұстап тұру арқылы компьютерді өшіріңіз. Кейін сыртқы пернетақта және сыртқы меңзерді компьютерге байланыстырып, ДК диагностикалау функциясын қайта іске қосыңыз.

## Қызмет көрсету

**СКД панелін тазалау**

Компьютермен бірге ұсынылған жұмсақ сүлгіні пайдаланыңыз. (Қосымша ақпаратты алу үшін "Suggestions About Cleaning the LCD Surface" қараңыз. ➔ *Reference Manual* "Screen Input Operation")

**СКД панелінен өзгешеленетін аймақтарды тазалау үшін**

Дәке сияқты жұмсақ, құрғақ матамен сүртіңіз. Тазалағыш заттарды пайдалану кезінде жұмсақ матаны сумен сұйылтылған тазалағышқа малтып, жақсылап сығыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Бензол, еріткіш немесе этил спиртін қолданбаңыз, ол өңсізденуді, т.б. тудырып, бетке жағымсыз әсер етуі мүмкін. Сатылымдағы үй тазалағыштары мен косметиканы қолданбаңыз, оларда бет үшін қауіпті құрамдастар бар болуы мүмкін.
- Су немесе тазалағышты компьютерге тікелей тигізбеңіз, себебі сұйық компьютерге еніп, зақымдалу немесе бүлінуді тудыруы мүмкін.

# Бағдарламалық жасақтаманы орнату

Бағдарламалық жасақтаманы орнату компьютерді әдепкі күйіне қайтарады. Бағдарламалық жасақтаманы орнатқан кезде қатты дисктегі ақпарат өшіріледі.
Орнатудың алдында маңызды ақпаратты басқа медиа немесе сыртқы қатты дискіге жазып алыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Егер қалпына келтіру бөлімі жойылса, қатты дискіні (флэш-жад) қалпына келтіруді орындай алмайсыз. Қалпына келтіру бөлімін тексеру үшін, келесі әдістерді орындаңыз.
  ① **Windows 8.1**
  1. Іске қосу экранының ортаңғы жағынан жоғары қарай шертіңіз, содан кейін “Windows жүйесі” астындағы [Осы ДК] опциясын ұзақ басып тұрыңыз.
  2. Бағдарламаның пәрмендік жолындағы [Басқару] опциясын түртіңіз.

  **Windows 7**

  (Іске қосу) басып, [Компьютер] түймешігін ұзақ басып тұрыңыз және содан кейін [Басқару] түймешігін басыңыз.
  - Стандартты пайдаланушыға әкімші құпиясөзі арқылы кіру қажет.

  ② [Дискілерді басқару] опциясын басыңыз.

## ■ Барлық деректерді жою және Windows жүйесін қайта орнату

**Дайындық**

- Сыртқы пернетақтаны және тінтуірді қосыңыз.
- Барлық сыртқы құрылғыларды алыңыз.
- AC адаптерін қосып, оны орнату аяқталғанша алмаңыз.

**Windows 8.1**

### 1 “Барлық деректерді жою және Windows жүйесін қайта орнату” орындаңыз.

① “Шебер түйме” мәзірін көрсетіңіз және  - [Компьютер параметрлерін өзгерту] - [Жаңарту және қалпына келтіру] - [Қалпына келтіру] пәрменін түртіңіз.
② “Барлық деректерді жою және Windows жүйесін қайта орнату” астындағы [жұмыска кірісу] опциясын түртіңіз.
③ [Келесі] түймешігін түртіңіз.
④ Опцияны таңдаңыз.
- Just remove my files (Тек менің файлдарымды жою)
  Windows жүйесін қайта орнатуды бірнеше минутта (шамамен 20 минут) орындаңыз.
- Fully clean the drive (Дискіні толық тазалау)
  Толық тазалауға дейін жойылған файлдарды оңай қалпына келтіру мүмкін емес және қауіпсіздік деңгейі артады. Өңдеу уақыты ұзаққа созылады (шамамен 140 минут).

Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
Қайта орнатудан кейін компьютер қайта іске қосылады.

- Мысалы, компьютерді өшіру немесе басқа операцияны орындау арқылы орнатуды үзбеңіз.
  Олай болмаса, орнату қолжетімсіз болуы мүмкін, өйткені Windows жүйесі іске қосыла алмайды немесе деректер бүлінуі мүмкін.

### 2 “Windows орнатыңыз”, 6-қадамнан бастап, “Бастапқы жұмыс” операциясын орындаңыз (➔ 9-бет).

**ЕСКЕРІМ**

- Күн мен уақыт және уақыт белдеуі дұрыс болмауы мүмкін. Олардың дұрыс орнатылатынына көз жеткізіңіз.

### 3 Windows жүйесін жаңартуды орындаңыз.

### 4 <Тек TPM бар үлгі үшін> TPM тазалаңыз.

① Іске қосу экранының ортаңғы жағынан жоғары қарай шертіңіз.
② “Қызмет көрсету - Windows” астындағы [Іске қосу] опциясын түртіп, [tpm.msc] енгізіңіз және [OK] түймешігін түртіңіз.
③ “TPM Manager on Local Computer” экранының оң жағындағы “Actions” астындағы [Clear TPM…] түртіңіз.
④ “Manage the TPM security hardware” экранынан [Restart] опциясын түртіңіз.
Компьютер қайта іске қосылады.
⑤ “TPM configuration change was requested to ...” көрсетілгенде F12 пернесін басыңыз.
⑥ Desktop қатарын басыңыз және “TPM is ready” пайда болғанда, [Close] түймешігін басыңыз.

Пайдалы ақпарат

# Бағдарламалық жасақтаманы орнату



## ■ Қатты дискіні (флэш-жад) қалпына келтіру

Сатып алу уақытында алдын ала орнатылған ОЖ қайта орната аласыз (Windows 8.1 не Windows 7).

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Егер қалпына келтіру бөлімі жойылса, қатты дискіні (флэш-жад) қалпына келтіруді орындай алмайсыз.

**Дайындық**

- Сыртқы пернетақтаны және тінтуірді қосыңыз.
- Барлық сыртқы құрылғыларды алыңыз.
- AC адаптерін қосып, оны орнату аяқталғанша алмаңыз.

**Windows 8.1** Егер жоғарыда берілген “Барлық деректерді жою және Windows жүйесін қайта орнату” бөлімінде сипатталған әдісті пайдалану арқылы қайта орнату сәтсіз аяқталса, төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1 **Setup Utility опциясын іске қосыңыз.**

**Windows 8.1**

① “Шебер түйме” мәзірін көрсетіңіз және ⚙ - [Компьютер параметрлерін өзгерту] - [Жаңарту және қалпына келтіру] - [Қалпына келтіру] пәрменін түртіңіз.

② “Қосымша іске қосу” астындағы [Қазір қайта іске қосу] опциясын түртіңіз.

③ [Troubleshoot (Ақаулықтарды жою)] - [Advanced options (Қосымша параметрлер)] - [UEFI Firmware Settings (UEFI микробағдарлама параметрлері)] - [Restart (Қайта іске қосу)] пәрменін басыңыз.

**Windows 7**

Компьютерді іске қосыңыз және [Panasonic] жүктелу экраны көрсетілгенде экранның жоғарғы сол жақ бұрышында пайда болатын [Click here for Setup] тармағын түртіңіз.

- Егер [Panasonic] жүктелу экраны көрсетілмесе, компьютер іске қосылғанда, Setup Utility экраны көрсетілгенше, белгішесін бірнеше рет басыңыз.
- Құпиясөз сұралса, бақылаушы құпиясөзін енгізіңіз.

2 **Setup Utility барлық мазмұндарын жазып алып, [Load Default Values] опциясын екі рет басыңыз.**

Растау хабарламасы көрсетілгенде, [Yes] опциясын таңдап, **Enter** түймешігін басыңыз.

3 **Setup Utility ішінен [UEFI Boot] параметрін тексеріңіз.**

[UEFI Boot] келесідей орнатылуы керек.
Windows 8.1 қолданылған кезде: [Enabled]
Windows 7 қолданылған кезде: [Disabled]

4 **[Exit] түймешігін түртіп, [Save Values and Reboot] опциясын екі рет түртіңіз.**

Растау хабарламасы көрсетілгенде, [Yes] опциясын таңдап, **Enter** түймешігін басыңыз.
Компьютер қайта іске қосылады.

5 **[Panasonic] жүктелу экраны көрсетілген кезде, экранның жоғарғы сол жағын түртіңіз.**

Setup Utility іске қосылады.

- Құпиясөз сұралса, бақылаушы құпиясөзін енгізіңіз.

6 **[Exit] түймешігін түртіп, [Recovery Partition] опциясын екі рет түртіңіз.**

7 **Windows 8.1**

**[Next] түймешігін басып, [YES] басыңыз.**

**Windows 7**

**[Reinstall Windows] опциясын таңдап, [Next] түймешігін басыңыз.**

8 **Лицензиялық келісім экранында, [Yes, I agree to the provisions above and wish to continue!] опциясын басып, [Next] басыңыз.**

9 **[Next] түймешігін басыңыз.**

Егер опция көрсетілсе, параметрді таңдап, [Next] түймешігін басыңыз.

- [Reinstall Windows to the System Disk to factory default.]
  Windows жүйесін зауыттық әдепкі параметрге орнатқыңыз келгенде осы опцияны таңдаңыз. Орнатудан кейін жаңа бөлімді жасауға болады. Жаңа бөлімді жасау туралы ақпаратты “Бөлім құрылымын өзгерту үшін” (➔ 11-беті) мақаласын қараңыз.
- [Reinstall to the OS related partitions.][*1]
  Қатты диск бірнеше бөлімдерге бөлінгенде және бөлім құрылымын сақтау қажет болғанда, осы опцияны таңдаңыз.
  Жаңа бөлімді жасау туралы ақпаратты “Бөлім құрылымын өзгерту үшін” (➔ 11-беті) мақаласын қараңыз.

  [*1] Егер Windows қалпына келтіру бөліміне орнатылмай, аймақ Windows арқылы пайдаланылатын болса, бұл әрекет пайда болмайды.

10 **Windows 7** **Растау хабарламасында, [YES] басыңыз.**

11 **Windows 7**

**Тіл мен жүйе түрін (32 биттік немесе 64 биттік) таңдап, [OK] түймешігін басыңыз.**

Растау хабарламасында, [OK] түймешігін басыңыз.
Қалпына келтіру процедурасын болдырмау үшін, [CANCEL] түймешігін басыңыз және экранның жоғарғы оң жақ бұрышында пайда болатын ✕ белгісін басыңыз.

## 12 Растау хабарламасында, [YES] басыңыз.

Орнату экрандағы нұсқауларға сәйкес басталады. (Бұл шамамен 20 минут алады.)

- Мысалы, компьютерді өшіру немесе басқа операцияны орындау арқылы орнатуды үзбеңіз. Олай болмаса, орнату қолжетімсіз болуы мүмкін, өйткені Windows жүйесі іске қосыла алмайды немесе деректер бүлінуі мүмкін.

## 13 Аяқтау процесінің экраны көрсетілгенде, компьютерді өшіру үшін [OK] түймешігін басыңыз.

## 14 Компьютерді іске қосыңыз.

- Құпиясөз сұралса, бақылаушы құпиясөзін енгізіңіз.

## 15 “Windows орнатыңыз”, 6-қадамнан бастап, “Бастапқы жұмыс” операциясын орындаңыз (➔ 9-бет).

**ЕСКЕРІМ**

- **Windows 8.1** Күн мен уақыт және уақыт белдеуі дұрыс болмауы мүмкін. Олардың дұрыс орнатылатынына көз жеткізіңіз.

## 16 Setup Utility іске қосыңыз және параметрлерді қажетінше өзгертіңіз.

## 17 Windows жүйесін жаңартуды орындаңыз.

## 18 **Windows 8.1** <Тек TPM бар үлгі үшін> TPM тазалаңыз (➔ 15-бет).

### ■ Recovery Disc дискісін пайдалану

Келесі жағдайларда Recovery Disc дискісін пайдаланыңыз.

- Сіз әкімші құпия сөзін ұмыттыңыз.
- Орнату аяқталмады. Қатты дискідегі (флэш-жад жетегі) қалпына келтіру бөлімі бүлінуі мүмкін.
- Қалпына келтіру бөлімі жойылды.
- **Windows 7** <Тек Windows 7 төмендеу үлгісі үшін>
  Windows 7 жүйесінен Windows 8.1 жүйесіне не керісінше ОЖ өзгерту үшін.

**ЕСКЕРІМ**

- **Windows 7** ОЖ-ні 32 биттіктен 64 биттікке не керісінше өзгерту мақсатында, қалпына келтіру бөлімі ОЖ-ні орнату үшін қолданылуы тиіс. Сондықтан, қалпына келтіру бөлімі осы операцияны орындау мақсатында қатты дискіде әлі бар болуы тиіс.

**Дайындық**

- Келесілерді дайындаңыз:
  - Recovery Disc (➔ *Reference Manual* “Recovery Disc Creation Utility”)
  - USB DVD жетегі (міндетті емес) (қолжетімді құралдар туралы ақпаратты алу үшін соңғы жинақтар мен басқа көздерді қараңыз)
- Сыртқы пернетақтаны және тінтуірді қосыңыз.
- Барлық сыртқы құрылғыларды алыңыз (USB DVD жетегінен басқа).
- AC адаптерін қосып, оны орнату аяқталғанша алмаңыз.

## 1 DVD жетегін USB портына қосыңыз.

## 2 Setup Utility опциясын іске қосыңыз.

**Windows 8.1**

① “Шебер түйме” мәзірін көрсетіңіз және ⚙ - [Компьютер параметрлерін өзгерту] - [Жаңарту және қалпына келтіру] - [Қалпына келтіру] пәрменін түртіңіз.

② “Қосымша іске қосу” астындағы [Қазір қайта іске қосу] опциясын түртіңіз.

③ [Troubleshoot (Ақаулықтарды жою)] - [Advanced options (Қосымша параметрлер)] - [UEFI Firmware Settings (UEFI микробағдарлама параметрлері)] - [Restart (Қайта іске қосу)] пәрменін басыңыз.

**Windows 7**

Компьютерді іске қосыңыз және [Panasonic] жүктелу экраны көрсетілгенде экранның жоғарғы сол жақ бұрышында пайда болатын [Click here for Setup] тармағын түртіңіз.

- Егер [Panasonic] жүктелу экраны көрсетілмесе, компьютер іске қосылғанда, Setup Utility экраны көрсетілгенше, белгішесін бірнеше рет басыңыз.
- Құпиясөз сұралса, бақылаушы құпиясөзін енгізіңіз.

## 3 Setup Utility барлық мазмұндарын жазып алып, [Exit] түймешігін басыңыз және [Load Default Values] опциясын екі рет басыңыз.

Растау хабарламасы көрсетілгенде, [Yes] опциясын таңдап, **Enter**.түймешігін басыңыз.

## 4 Setup Utility ішінен [UEFI Boot] параметрін тексеріңіз.

[UEFI Boot] келесідей орнатылуы керек.

Windows 8,1 арналған қалпына келтіру дискісі пайдаланылғанда: [Enabled]

Windows 7 арналған қалпына келтіру дискісі пайдаланылғанда: [Disabled]

## 5 DVD жетегіне Recovery Disc дискісін орнатыңыз.

## 6 [Exit] түймешігін түртіп, [Save Values and Reboot] опциясын екі рет түртіңіз.

Растау хабарламасы көрсетілгенде, [Yes] опциясын таңдап, **Enter** түймешігін басыңыз.

Компьютер қайта іске қосылады.

# Бағдарламалық жасақтаманы орнату

**7 [Panasonic] жүктелу экраны көрсетілген кезде, экранның жоғарғы сол жағын түртіңіз.**

Setup Utility іске қосылады.

- Құпиясөз сұралса, бақылаушы құпиясөзін енгізіңіз.

**8 [Exit] түймешігін түртіп, [Boot Override] ішіндегі DVD жетегін екі рет түртіңіз.**

Компьютер қайта іске қосылады.

**9 [Reinstall Windows] опциясын таңдап, [Next] түймешігін басыңыз.**

**10 Windows 8.1 Растау хабарламасында, [YES] басыңыз.**

**11 Лицензиялық келісім экранында, [Yes, I agree to the provisions above and wish to continue!] опциясын басып, [Next] басыңыз.**

**12 Windows 7**

**[Next] түймешігін басыңыз.**

Егер опция көрсетілсе, параметрді таңдап, [Next] түймешігін басыңыз.

- [Reinstall with HDD recovery partition.]
  Стандартты қалпына келтіру әдісі.
  Қалпына келтіру бөліміндегі қалпына келтіруді қолдануыңызға болады.
- [Reinstall without HDD recovery partition.]
  Қолдануға болатын HDD өлшемін үлкейтіңіз.
  Қалпына келтіру бөліміндегі қалпына келтіруді қолдануыңызға БОЛМАЙДЫ.
  Осы опция таңдалғанда, бұдан былай қалпына келтіру операциясынан кейін Recovery Disc(s) дискілерін жасай алмайсыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Жоғарыдағы элементті мұқият таңдаңыз, себебі кейін оны өзгерте алмайсыз.

**13 [Next] түймешігін басыңыз.**

Егер опция көрсетілсе, параметрді таңдап, [Next] түймешігін басыңыз.

- [Reinstall Windows to the System Disk to factory default.]
  Windows жүйесін зауыттық әдепкі параметрге орнатқыңыз келгенде осы опцияны таңдаңыз.
